

Б.Ш. ҚОЖЕКЕЕВА

**АЛБАН АСАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ САРЫН**

Көрнекті әдебиет зерттеушісі, ғалым Есмағамбет Ысмайылов пікіріне көңіл қойсақ: “Ақындық таланттың оянып жарыққа шығуына адамның бар өмірінде ұмытылмай есте қалатын ересен оқиға себеп болуы ықтимал. Өлім, апат, ыза, намыс, немесе тамаша ересен қуаныш, шаттық оқиғалар, қол жетпес махаббаттың үміті талант иесінің басынан кешетін болса, сөз жоқ, оның ашынған немесе өте шаттанған жанын, сезімін қозғайды, ол барлық жан дүниесін сапырылыстырған ерекше оқиға туралы өзінің сезімін өлең-жырмен сыртқа шығаруға тырысады”, – дейді [1.79].

Осы ретте ақын Асан Барманбекұлының “жан дүниесін сапырылыстырған” мәселенің өзі ел басына түскен ауыртпалық, одан әрі төзуге болмайтын, жанын азапқа салған, өзі көріп куә болған келеңсіз оқиғалар тізбегінің тізіліп, буырқанып шыққан тобы, өлеңдерінде көрсеткеніндей “заманның халі”.

Көре тұра шыдай алмаған ел басына түскен мәселелерді көзі тірісінде көрсетіп кетуді өзінің міндетім, азаматтық борышым деп санаған ақынның мақсаты, негізгі айтар ойы, идеясы – халықтың халіне рухани көмек беру. Тарих беттерінде Асан өлең жазумен кейінірек, жасы ұлғайып қыраған шағында айналысқан секілді. “Доңыз жылы мизамда, Асан қалам сайлаған” деп, “Көп ісінде жарылқа” деп басталатын өлеңінде “Мыңтоғыз жүз он бесте. Жаздан қоян жылымыз. Төртінші числа февраль. Тамам еткен күніміз” деп өлеңдерінде көрінетініндей оның өлең жазып қалдыруының еңбірінші себебі заманның түріне шыдай алмағандықтан, “іштегі дертін” шығарып кетудің бірден-бір жолы деп осы жолды таңдағанын көруге болады. Өзінің басқа адамдардан ешқандай бір артықшылығы жоқ екендігін, сондықтан да осы күйінде қабылдауын сұрайды. Ол оның өлеңдерінде:

Жұртқа үлгі болсын деп  
Заманның түрін қозғадым.  
Ынсаннан шыққан саңлақ боп  
Қатардан шауып озбадым.  
Өлшеусіз артық сөз айтып  
Өзімді-өзім созбадым.  
... Ілімді пайда көрсін деп  
Мінеки менің жазғаным [2.50].

Асан Барманбекұлы өлеңдері XIX ғасыр әдебиетінің, мәдениетінің дамуынан мол мағлұматтар береді, ақын шығармалары және сол кездегі қоғам өмірін, сол тарихи кезеңнің ащы шындығын бүркемелемей көрсетіп бергендігімен құнды. Ақын

өлеңдері рухани тазалыққа, елін сүюге шақыратын ғибраты мол өлеңдер. Осы тұрғыда ғалым С. Қирабаевтың өз зерттеуінде ұлы орыс сыншысы Н. А. Добролюбовтың сөзін келтіруі ойымызды дәл басатындай. Онда: “Біз үшін автордың не айтқысы келгені маңызды емес, – дейді ол, – басында олай айтуды ойланбағанмен, өмір шындығын дәл суреттеу негізінде оның айта білгені маңызды. Біздің әрбір талантты шығарманы бағалайтын себебіміз – ол арқылы өз өміріміздің шындығын зерттеп түсіне аламыз, оның бәрі жай адамның көзіне түсе бермеуі мүмкін” [3.69].

Сондықтан да өмір шындығын жасырып жаппай, дәл өзіндей бере білген шығармалардан ұғатынымыз патша отарлауының қанауынан азап шеккен ел жайы, халық тағдыры. Оған бұдан әрі төзуге шыдамы таусылған елдің ширығуы, осындай келеңсіздікке жаны шыдамаған ақынның жан айқайы. Барманбекұлының ендігі бір келелі ісі алашты осы аталған келеңсіздіктерге қарсы көтеріліске шақыруы. Бұл тұрғыда “Асанның “Аттаны” ұлы дүбірге мұрындық болды. Ақын намыс пен кектің, тәуекелдің отын жақты”, – деп көрсетеді жазушы, өлкетанушы Өкітай Ахметов [4].

Бұл 1916 жылғы ұлы дүрбеленеді... Асан ақын 1916 жылғы Қарқара жерінде болған ұлт-азаттық көтерілістің көсемдері әйгілі шешендер Жәменке Мәмбетұлымен, Ұзақ Саурықұлымен бірге жүрген.

Ақын өлеңдерін ең алғаш баспа бетінде жариялап, оған өзінің әділ бағасын берген қазақ халқының айтулы ақыны Ілияс Жансүгіров еңбегіне сүйенсек: “1916 жылдың көтерілісін, әсіресе оның Жетісудағы болған түрін, себебін зерттеймін деген адам, Албан Асан сөзін тепшілемей лажы жоқ. Өйткені Асан ақын көтерілістің алдындағы күйден ашық сурет көрсетеді”, – деп көрсетіледі [5.357].

Асан ақын өлеңдерінен осы 1916 жылғы ұлт-азаттық күреске алып келер алғышарттар туралы сұрақтардың бәріне жауап ала аламыз. Себебі, ақын өлеңдері сол заманның жай-күйінің барлығын тұптура көз алдына әкеледі, яғни елдің шыдам-шегінің таусылған, ары қарай төзуге болмайтын, ширыққан халін көреміз. Ақын өлеңдері халық айтар сөздің айнасы іспетті. Асан Барманбекұлы шығармаларындағы тарихтың қат-қабат оқиғаларын, қым-қиғаш теперіштерін еске түсіретін өлең жолдары. Ол Ресей патшалығының отаршылдық ылаңы, елдің өз дәстүр-салтынан айырған патша тәртібінің орныға бастауы. Қазақ халқының “найзаның ұшымен,

білектің күшімен” келген жерін тарылтып, намысын жасытып ашындырған жағдайлар, нулы-сулы жерге орыс шаруаларының жаппай орналасуы еді.

Сөзімізді дәйектесек: “1916 жылдың ортасына қарай патша үкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің жалпы көлемі 45 млн десятинаға теңелді” [6, 636], – деген деректерді тарихшыларымыз алға тартады. Патша үкіметі өзінің аяр саясатына мықтап кірісе бастады. Жерінен айырылған елдіңбас көтеруге жағдайы жоқ еді, себебі жаз жайлау, қыс қыстауда емін-еркін жайлаған, малдан басқа кәсібі жоқ қазақ үшін бұл ақырзаманның дәп өзіндей көрінетіні анық. Ол туралы С. Мұқанов, В.В. Востров еңбектерінде: “Кроме земель, непосредственно занятых теми или иными родовыми группами казахов, в Жаркентском уезде, как и во всех уездах области, значительная территория была занята русскими переселенцами. . . [7, 131] деп көрсетіледі. Міне осы жай Албан Асан өлеңдерінде былайша көрініс тапты:

Былырдан бері орыс кеп  
Әр жерде салды қаланы.  
Бағындырды өзіне  
Ойқайың, Қақпақ даланы.

#### Немесе

Шетін бассаңсызықтың  
Қыла ма тағы жаланы.  
Орысқа тиген жерлерге  
Салт атты кісі басады.  
Мұраталы, Қақпақтан  
Жүрер жолды тастады [8.37].

Ресей империясының аярлық саясатының басы ел билеуші бишігештерді біріне-бірі айдап салу болды. Бұл ниеттеріне жергілікті ұлт өкілдерінен аға сұлтандық, болыстық, старшындық билік мансаптарын үлестіру арқылы қол жеткізді. Қолдарына мөр беріп, бірқатар биліктің басын ұстатып, алдап, арбап ұстады. Қолдарындағы биліктен айырылып қалмау үшін олар айуандықтың түр-түріне барды. Аға ініге, әке балаға қарамады. Сайланған би-болыстарды патша тағайындаған губернаторлар қадағалап, тексеріп отырды. Айтқандарына көніп, айдауына жүргендеріне мақтап, марапаттап, дүние-мүлік, әскери шен-шекпендер берді, кеуделеріне ордендерін тақты. Отаршылдық саясаттың ақыры қазақ халқының әр сатыдағы лауазымды адамдарының арасындағы алауыздықты күшейтті, біріне-бірі жауығып, бірін-бірі көре алмайтын жайттарға, жетті. Бірін-бірі өлтіруге дейінгі әрекеттерге дейін барды. Бұл туралы С.Мұқанов: “Қазақ халқының күшін ыдыратуға, бірліктен айыруға тұрғылықты қазақтардың арасына ұлт араздығын тұтату, екінші – қазақтардың өзін өзара жауластырып ұстау” [9, 122] – дейді. Осындай

ел басындағы жағдайларды тап басып көре білгендер, әрине, ХІХ ғасырдағы көзі ашық, көкірегі ояу, қаруы өткір сөз бен қалам болған қазақ ақындары еді. Олар патша ойластырған жаңа биліктің басын ұстаған ел билеуші сұлтан-төрелерді, болысбилерді ел басқаруда ата-баба салтынан жырақ кетпеуге, бірлікке, елдікке, имандылыққа шақырды. Бұл орайда Асан ақын осындай жайттардың толық көрінісін көз алдымызға әкеледі:

Патшаныңсайлауы  
Үш жылда бір келеді.  
Елу басы тізіп ап,  
Қолына шарын береді.  
Қадірменді бай адам,  
Парамен шарын женеді.  
Екі жақ болып таласып,  
Елді ортадан бөледі.  
Намысты қолдан берме деп,  
Сайлауда талай өледі [10.79].

Әуезов Асан ақын өлеңдерініңосы бір тарихи кезеңіндегі маңызына тоқтала келіп: “Содержание его творчества всецело от жизни. Поэтому, как в момент событий 16 года, так и долго после, до окончательного и прочного установление нормальных порядков жизни в Жетысу, его стихи были самым ценным, любимым степью и распространенным видом поэтического творчества” [11.82].

Ақын шалқыған жайлау, мыңғырған мал, еркін жүрген ел, қазыналы көлге жоқтау айтып таусылды. Қандай тар заманға тап болдық деп болашағы бұлдыр заманды қабылдай алмай қайғырады, қамығады:

Қазақтың күні қайда шалқып жатқан,  
Мал толып өзен-сайда толқып жатқан [12.77], –

дей келе бұрынғы заманның артықшылығын термелеп береді. Ол: “Кермелеп жүйрікті терлеткен” бай, “кім бұрын қонса жерлеткен” бөлімі жоқ жер, “ұлына жабағы, тайын үйретіп ойнатқан” әке, “шыңғыртып асау үйретіп құнан, дөнен жайлатқан” ырдуырду заман, “балуанға түскен” бозбала, “тал жібектей есіліп” тұрған келін, “отбасында көсіліп” отырған бәйбіше, “желбегейленіп, шешініп жатқан” бай – міне осы сынды қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман кейпін көз алдына әкеледі. Бұл заманды бұзған кім дегенде, ол орыстың келуі, сонымен қатар келген көптеген келеңсіз құбылыстар болып шығады.

Тар заманға кез болдық тақырлаған,  
Берекесіз, түгі жоқ артып жатқан.  
Жалды ат мінсеңқоңы жоқ көзге түсер,  
Жоталата жасауыл тарсылдатқан –

деп келеді [13.77].

Жазушы, ғалым А. Сейдімбек Ы. Алтынсариннің “Мұсылманшылық тұтқасы” деген кітабын қайта бастырудағы берген алғы сөзінде былай деп көрсетіледі: «... өткеннің бәріне топырақ шаштырған пролеткультшілдік, жеке тұлғалар ғана емес, тұтас таным түсінікті тоз-тоз еткен қанқасап кезең, желбуаз даңғазаны әуезе көрген тоқырау жылдары... Міне, осының бәрін ысыра серпіп, қайта жаңғырған өмір салтымыздың нұрлы сәулесі архивтің қараңғы қойнауын ғана емес, санамызды да сілкіп оятқандай. Шынында да, бүгінгі атом реакторлары мен компьютерлер адам құдіретіне қолқанат болған заманда, “діндар боламыз» деп сескенуден гөрі, тарихи мұраларымыздың қандайын да ғылыми зердемен ден қойып отырғанымыз жөн деп сенеміз”, – [14,5] деп атап айтқанындай бір кездегі халық камын ойлап, ел мұнын жоқтап жазған Асан өлеңдерінің осы уақытқа дейін халық игілігіне жетпей жатуының басты себептері де осындай жайттар екендігін және де ендігі уақытта ақын шығармаларын оқырман қауымға жеткізер тұстың туғанын айтатын кез келді. Демек, өз заманында қалын бұқара сөзін қисса толғауларына тіректұғыр еткен Асан ақын мұралары бүгін де маңыз-мәнін жоймақ емес.

1. *Ысмайылов Е.* Жамбыл және халық ақындары. Алматы: Санат, 1996. 240 б.
2. *Қауынбайұлы Т., Қожасекева Б.* Заманның түрін естіңіз. Алматы: Дарын, 2006. 178-б.
3. *Қирабаев С.* Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001. 448-б.
4. *Ахметов Ө.* Албан Асан // Жетісу. 2004. 22 мамыр.
5. *Жансүгіров І.* Асан туралы. Қызылорда, 1934.
6. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін.
7. *Востров В.В., Муканов С.* Родоплеменной состав и расселение казахов.
9. *Мұқанов С.* Қазақтың 18-19 ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы: Арыс, 2002.
10. ОҒК. 1916 жылғы болған оқиғалар жайындағы өлеңдер жинағы. 1013 папка.
11. *Ауезов М.* Казахское народное творчество и его поэтическая среда. Тамыр // Альманах. 2001.
12. Шоғанбай Мұсаұлы сақтап келген қолжазбадан.
13. Сонда.
14. *Алтынсарин Ы.* Мұсылманшылық тұтқасы. Алматы: Қазақстан, 1991.